

2014 жылдың қаңтарынан бастап наурызға дейін Қазақстан Республикасы ер азаматтарының Ақжар ауданының аумағында тіркеуін және медициналық куәландырылуын ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы әкімінің 2013 жылғы 9 желтоқсандағы N 11 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментімен 2013 жылғы 13 желтоқсанда N 2448 болып тіркелді

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңы 16-бабына, «Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 маусымдағы № 859 қаулысына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының әкімі **ШЕШТІ:**

1. 2014 жылдың қаңтарынан бастап наурызға дейін тіркеу жылы он жеті жасқа толатын Қазақстан Республикасы ер азаматтарының «Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының қорғаныс істер жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесі әскерге шақыру учаскесінде (келісім бойынша) тіркеуін және медициналық куәландырылуын ұйымдастырсын және қамтамасыз етсін.

2. Осы шешімнің орындауын бақылау аудан әкімінің орынбасары **Ғ.Қ. Айтмұхаметовқа** жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі
«КЕЛІСІЛДІ»

М. Тұрысбеков

*«Солтүстік Қазақстан облысы
Ақжар ауданының қорғаныс істер
жөніндегі бөлімі» республикалық
мемлекеттік мекемесінің бастығы*

Р. Байсалдин

2013 жылы 09 желтоқсан